

Алғашқы баланы атасы мен апасының тәрбиесіне берген қаншалықты дұрыс?

Қазақтарда жас ата-ана алғашқы баласын атасы мен апасының тәрбиесіне беретіні белгілі. О заманда бұл әлеуметтік қажеттіліктен туған болса, қазіргі кезде көне дәстүрді сақтаудың тәсіліне айналды. Бірақ, баланы әке-шешесі емес, ата мен әжесі тәрбиелеген қаншалықты дұрыс? Баланы ата мен әженің тәрбиесіне бергеннің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да бар. Психологтардың айтуынша, әке-шешесінен бөлек өскен балада «мен ата-анама керек емеспін» деген сезім туады. Өлі есі кірмеген бала бейсаналы түрде ата-анасынан айырылғанын сезінеді. Ол кішкентай нәресте үшін үлкен психологиялық күйзеліс. Ана мейірімін, махаббатын көрмей өскен бала өмір бойы сол махаббатты басқа адамдардан іздеп өтеді екен. Одан басқа әке-шешесінен бөлек өскен балаларда өзін өзі бағалау өте төмен деңгейде болады. Бұның басты себебі мынада: жатырда бала мен ана біртұтас болады. Баяғы заманда да бала қырқынан шықпағанша жас ана бөлек, қараңғылау киіз үйде тұратын. Ол үйге екінің бірі кіре бермейтін. Жаңа туған нәрестеге барынша жатырдағыдай жағдай жасалынған. Әрине, ондай ортадан баланы жұлып алып, әжесіне беру оның психологиясында іссіз қалмайды. Әсіресе, анасы өз еркімен баласын енесіне бермеген жағдайда. Уақыт өте бала әжесіне үйреніп кетеді. Бірақ 6-7 жасқа жеткенде баланы ата-анасына қайтару да дәл осындай сценаримен жүреді. Бірақ, есейген бала бұл жолы әжесін қимай, туған әке-шешесіне үйрене алмай жатады. Осындай психологиялық сынақ баланың өміріне кері әсер етуі мүмкін.